

**«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі  
Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің**

**2023-2024 оқу жылына талдау есебі**

**1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер: 1)**

Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):**

Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Қараөзек ауылы, Ш.Уалиханов көшесі, 27 үй.

**3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):**

8(71646)38-4-19, эл. пошта: [karaozeks kaya-shcola@yandex.kz](mailto:karaozeks kaya-shcola@yandex.kz), web-сайт: <http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/>, Instagram: <https://www.instagram.com/kmmkara>

**4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):**

Даирова Калимаш Егинбаевна «Ақмола білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі, Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры қызметінде 2012 жылдың 30 шілдеден бастап жұмыс атқарады.

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/o-naznachenii-rukovoditelem-kgu-oosh-sela-karaozek>

**5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі):**

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама Ақмола облысының әділет департаменті Бурабай ауданаралық Әділет басқармасымен 2021 жылғы 20 қаңтарда берілген. БСН: 75014000028. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы, Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/2 қаулысымен бекітілген. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі, Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Жарғысы қоса берілді. <http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/ustav-shkoly> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес қаулы» ұсынылады.

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/postanovlenie>

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2021 жылы 15 ақпанда №KZ57LAA00023716 мемлекеттік лицензия және бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген.

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/licenziya>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақмола облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ86RVK00043656 хабарлама негізінде мектеп жанында «Балбөбек» шағын орталығы жұмыс істейді.

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/yzmett-ghzege-asyrudy-bastaany-turaly-habarlama>

**2. Мектепке дейінгі білім беру бойынша кадр әлеуетін талдау.** «Балбөбек» шағын орталығында 4 тәрбиеші жұмыс істейді.

**Солтан Меруерт** – білімі жоғары, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, 2018 жылы бітірген, мамандығы – мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. Педагогикалық өтілі – 15 жыл. 30.09.2021 жылы "ӨРЛЕУ" БАҰО" АҚ «Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру қызметінің сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау» 72 сағаттық қайта даярлау курсынан өтті. Санаты – педагог-модератор.

**Мағзам Наргуль** – білім арнаулы - орта, Ж. Мусин атындағы педагогикалық колледж, 2014 жылы бітірген, мамандығы - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» біліктілігі бойынша білім алды. Педагогикалық өтілі – 14 жыл. 11.12.2020 жылы "ӨРЛЕУ" БАҰО" АҚ «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық аспектілері» 72 сағат, 18.07.2023 жылы Балаларды ерте дамыту институты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру» тақырыбында 72 сағаттық біліктілік арттыру курстарынан өткен. Санаты – педагог-модератор.

**Шамер Нагай** – білімі арнаулы - орта. Ж. Мусин атындағы педагогикалық колледж, 2013 жылы бітірген, мамандығы - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» біліктілігі бойынша білім алды. 18.07.2023 жылы Балаларды ерте дамыту институты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру» тақырыбында 72 сағаттық біліктілік курсынан өткен. Педагогикалық еңбек өтілі – 13 жыл. Санатсыз.

**Хумаш Амангул** – білімі арнаулы - орта. Астана қаласы, гуманитарлық колледж, 2004 жылы бітірген, мамандығы - «Мектепке дейінгі тәрбие» біліктілігі бойынша толық курс бітіріп шықты. 18.07.2023 жылы Балаларды ерте дамыту институты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру» тақырыбында 72 сағаттық біліктілік курсынан өткен. Педагогикалық еңбек өтілі – 13 жыл. Санаты – педагог-модератор.

#### **Қосымша 2 сілтемеде**

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/priloghnie-2-kachestvennyy-sostav-vospitateley>

Шағын орталық бойынша штаттық кесте сілтеме бойынша ұсынылды  
<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/shtatnoe-raspisanie-rabotnikov-minicentra-balbobek-na-20232024-uchebny>

Педагогтардың білімін растайтын құжаттар сілтемеде.

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/5891-19-02-24-13-02-20-diplomy>

Педагогтардың біліктілік санаттарын растайтын құжаттар  
<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/9174-19-02-24-13-09-13-udostoverenie-o-prisvoenii-kvalifikacionnoy-kat> сілтемеде.

Педагогтардың біліктілік курстарынан өткендігін растайтын құжаттар  
<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/1939-19-02-24-13-07-27-kursy-povysheniya-kvalifikacii> сілтемеде.

**Қорытынды:** Педагогтермен жасақтауда Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес келеді.

#### **2. Тәрбиеленушілер контингенті.**

2023-2024 оқу жылында «Балбөбек» шағын орталығына тізім бойынша жалпы 39 бала тәрбиеленді. Оның ішінде 18-қыз бала, 21-ұл бала. Балалар әр-түрлі жастағы топта тәрбиеленуде. Ерекше білімді беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ. 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында қазақ тілінде оқытылатын сыныпта 9 бала тәрбиеленді. Олардың 4-ұл, 5-қыз бала. Орыс тілінде оқытылатын мектепалды даярлық сыныбында 3 бала тәрбиеленуде. Олардың 2 ұл, 1 қыз. Ерекше білімді беруді қажет ететін тәрбиеленушілер жоқ.

Жас топтарын қалыптастыру талапқа сай жүргізілген. Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдері қоса беріледі.

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/priloghenie-3-spisok-kontingenta-vospitannikov>

#### **4. Мектепке дейінгі білім беру бойынша оқу-әдістемелік жұмыс**

Қараөзек ЖОББМ жанындағы "Балбөбек" шағын-орталығы 2008 жылдың қараша айында ашылды. Шағын орталықтың тәрбиешілері келесі құқықтық құжаттарды басшылыққа алады: - ҚР Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты - Нұсқаулық-әдістемелік хат - ҚР білім беруді дамыту тұжырымдамасы - "ҚР Білім туралы" Заңы.

**Әдістемелік тақырып:** «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу».

#### **Мақсаты:**

- мектеп жасына дейінгі балаларды технологияларды қолдану арқылы жан-жақты дамыту;
- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;
- балалардың ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эстетикалық дамуы;
- ата-аналарға психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету.

«Балбөбек» шағын-орталығында бірнеше заманауи технологиялар қолдануда:

- 1) Асық терапиясы;
- 2) Мнемокесте әдісі;
- 3) В.Воскобович технологиясы;
- 4) Мөлдiр Мольберт технологиясы;
- 5) Нейротехнология.
- 6) Ойын технологиясы;

Аталған технологиялардың бағдарламалары құрастырылып, іске асырылуда. Осы технологиялардың элементтерін қолдана отырып, тәрбиешілер вариативтік компоненттің үйірме жұмысын жүргізеді және бекітілген Модельдің мақсаттарын жүзеге асырылуда. «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Солтан Меруерт «Сиқырлы математика», Мағзам Наргүл «Жас қаламгер» үйірмелерін жүргізуде.

«Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» жанындағы «Балбөбек» шағын орталығының 2023-2024 оқу жылында «Балбөбек» шағын орталығында (2-5жастағы балалар) «Балбөбек шағын орталықта» 2 топ жұмыс істейді. Оқу жұмыс жоспарлары білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған, мектеп директорымен бекітілген.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектеп алды даярлық сыныпта оқу қызметінің жалпы саны аптасына 20 сағат және қосымша 4 сағат. Жалпы 24 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут құрайды. Үлгілік оқу бағдарламасына сай жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жұмыс жоспарында толық қамтылған.

«Балбөбек» шағын орталығының 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары берілді. Оқу жоспарында «Күншуақ» ересек тобында (4-5 жастағы балалар) «Балапан» кіші тобында (2-3 жастағы балалар) қамтылған.

2023-2024 оқу жылында мектеп алды даярлық сыныптың оқу жүктемесі 20 сағат жүктемесін құрайды.

Мектепалды даярлық сыныбының перспективалық жоспары 1 қыркүйектен 25 мамырға дейін 33 аптаға ұсынылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және олардың әрекет түрлері бойынша ұйымдастырылған. «Балбөбек» шағын орталығының жылдық жұмыс жоспарынан оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен

міндеттерге қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Үлгілік оқу бағдарламасыны негізінде перспективалық жоспар,циклограмма құрылған.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген.

Шағын орталықтың жылдық жұмыс жоспары ұсынылды, жоспарда әдістемелік мәселесі мен мақсаты берілген. «Күншуақ» ересек топ

тәрбиеленушілерінің даму мониторингі ұсынылды. Мектеп алды даярлық сыныбының 2021-2022 оқу жылына диагностикалық бақылауы ұсынылды. Мектеп алды даярлық сыныбының 2022-2023 оқу жылының перспективалық оқу жоспары берілді. Педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары берілді, жұмыс жоспарына жалпы білім беретін мектеппен шағын орталық арасындағы сабақтастық жұмыстары енгізілді. Оқу үрдісі тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріліп, ұйымдастырылды.

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін қарастырған. Перспективалық жоспарға негіз болатын өтпелі тақырыптар ұсынылған. Перспективалық жоспар мен циклограммадағы тақырыптар өз ара үйлесімді және білім беру салалары өз ара кіріктірілген.

Топтарда «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі оқу қызметіне кіріктірілген.

Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылып, балаларды қабылдаудан бастап, мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық Процестердің орындалуын қамтамасыз етілген.

### **Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің жетістіктері:**

2023-2024 оқу жылында тәрбиешілер инновациялық технология ерекшеліктерін біледі, бүгінгі қоғам тынысымен ұштасып, жас ұрпақтың бойына дарытуға тиісті бірегей құндылықтардың болмысын ашты, тыңдармандарға тағылымды ой сыйлады. әріптестеріміздің шеберлігінің арқасында балаларымыз талай жетістікке жетті. Ақпарат және Қазақстан Республикасының коммуникация министрлігінде тіркеліп, №16381-Ж №02880 «Ұстаз үні» Редакциясының жетекшісі: Харашаш Г. «Дара бала» журналының редакторы: Елемесова.Г. Республикалық «Дара бала» журналының ұйымдастырумен «Дара бала, Дана бала» еркін тақырып «Көркем сөз» мәнерін нақышын келтіріп өнер көрсеткен үшін Қанди Гүлнұр Хавдылманапқызы марапатталады. Балаларды отбасылық және ұлттық құндылықтарға баулу мақсатында өтетін Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана,әже және мен» республикалық байқауының аясында аудандық кезеңінде ІІ орын алғаны үшін Елешқызы Нұрерке марапатталады.

Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі «Әке асқартауым» байқауының аудандық кезеңінде ІІ-орын алған үшін Ершін Айғаным және Асхар Алпамыс марапатталды. Альжанова Алтынай Абдиганиевна №000300 Құрмет грамотасы Қазақстан Республикалық

Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының қолдауымен Халықаралық «Zeyindi\_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты конкурсына бейнелеу және көркем еңбек бағыты бойынша қатысып

ІІ дәрежелі жүлделі орын алғаны үшін Алтынпіл Аслан Ерсұлтанұлы марапатталады. Қазақстан Республикалық Оқу-ағарту министрлігінің Бас редактор: Альжанова Алтынай Абдиганиевна №000800 №514 бұйрығына сүйене отырып, «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының қолдауымен Халықаралық «Zeyindi\_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты конкурсына бейнелеу және көркем еңбек бағыты бойынша қатысып І-дәрежелі жүлделі орын алғаны үшін Адретхан Мұстафа Жәнібекұлы марапатталады.

Бас редактор: Альжанова Алтынай Абдиганиевна №000800 №514 бұйрығына сүйене отырып, «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының қолдауымен Халықаралық «Zeyindi\_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты байқауына бейнелеу және көркем еңбек бағыты бойынша қатысып бас жүлдені алғаны үшін Серикбол Каусар Ықыласқызы марапатталады.

Бас редактор: Альжанова Алтынай Абдиганиевна №000300 Қазақстан Республикалық Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып, «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының қолдауымен Халықаралық «Zeyindi\_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты конкурсына бейнелеу және көркем еңбек бағыты бойынша қатысып ІІ дәрежелі жүлделі орын алғаны үшін Башкиров Иван марапатталады. Қазақстан Республикалық Оқу-ағарту министрлігінің. Бас редактор: Альжанова Алтынай Абдиганиевна №000800 №514 бұйрығына сүйене отырып, «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының қолдауымен Халықаралық «Zeyindi\_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» атты конкурсына бейнелеу және көркем еңбек бағыты бойынша қатысып бас жүлдені алғаны үшін Бағзий Жантөре Манарбекұлы марапатталады.

### **5. Оқу материалдық активтер.**

«Балбөбек» шағын орталығы Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаз жиынтығы (үстелдер, орындықтар, кереуеттер, төсек-орындар, шкафтар, қол жуатын раковиналар, ішкі дәретхана және т.б.) жеткілікті мөлшерде қамтылған. 40 балаға арналған шағын орталықта екі қабатты төсектер және төсек жабдықтарымен толық жабдықталған.

Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016

жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған. Жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінен мектепалды даярлық сыныптың және шағын орталықтың пәндік-кеңестік ортасы толықтырылып отырады.

Жүктелген шағын орталық бейнематериалдары

<https://www.youtube.com/watch?v=UJM5winnEL0>

4-қосымша

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/priloghenie-4-materialynotehnicheskaya-baza>

## **6. Кітапхана қоры және ақпараттық ресурстар.**

Шағын орталық тәрбиеленушілеріне арналған қазақ тілі бойынша «Балапан» кіші тобында «Тіл дамыту 2+», «Сенсорика 2+», «Оқып үйренеміз», «Көркем әдебиет 2+», «Қоршаған ортамен танысу 2+», «Сурет салу 2+», «Құрастыру 2+» « жапсыру 2+», «Қазақ ертегілер» оқу құралдармен қамтылған және «Күншуақ» тобында « Тіл дамыту 4+» жұмыс дәптері балапан 4+, «Математика негіздері 4+» жұмыс дәптері 1-2 , «Оқып үйренеміз», «Көркем әдебиет 4+», «Сүйікті сиықырлы ертегілер», «Қоршаған ортамен танысу 4+» 1-2 жұмыс дәптері, «Сурет салу 4+» 1-2 жұмыс дәптері, «Құрастыру 4+» 1-2 жұмыс дәптері, «Жапсыру 4+» 1-2 жұмыс дәптері оқу-әдістемелік кешендері бар.

Қосымша келесі сілтемеде

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/priloghenie-5-uchebno-metodicheskii-kompleks>

## **7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау**

2023-2024 оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды. «Балбөбек» шағын және мектепалды даярлық сыныбында балалардың жеке даму карталары әрбір сала бойынша толтырылған. «Балбөбек» шағын орталығы мен мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары мен мониторингтері қарастырылып, талдау жасалды.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына қарастырылған эртоптарға баланың даму мониторингі баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша кестелер толығымен толтырылған. Білім берудің 5 саласы бойынша әр топқа мониторингтер бар. Балалардың іскерліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері жүйелі түрде жүргізілетіні анықталды.

Балалардың даму мониторингі, баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, бақылау нәтижелері бойынша кестелер, даму карталары ұсынылды.

Мектеп директоры мен бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаға сәйкес перспективалық жоспар, барлық тәрбиеленушілердің жеке даму карталары, үлгілік оқу жоспарының әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдары қарастырылды. «Балбөбек» ортаңғы тобымен мектепалды даярлық сыныбы барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған. Жеке даму карталарында балалардың «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» салалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейінгі білім, білік, дағды деңгейлері көрсетілген.

Тәрбиеленушілердің білімін бағалау бойынша құжаттар келесі сілтемеде

## **8. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының және ата-аналарының сауалнама қорытындысы**

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/analiz-rezulytatov-anketirovaniya-dlya-roditeley-doshkolnyh-organizac>

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/analiz-rezulytatov-anketirovaniya-dlya-pedagogov-doshkolnoy-organizac>

## 9. Мектеп бойынша кадр әлеуетіне сараптама

Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 37 мұғалім жұмыс атқаруда. Оның ішінде жоғары білімді 35, орта арнаулы 2 мұғалім. Кадр мәселесі толығымен шешілген. Педагог-модераторлар – 12. Педагог-сарапшылар – 17. Санаты жоқ мұғалімдер – 8. Мектеп мұғалімдері және оқушылары аудандық, облыстық және республикалық іс-шараларға, онлайн форматтағы сайыстарға, интернет-байқауларға белсене қатысып жүреді.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы саны – 8. Оның педагог-сарапшы – 5 мұғалім, педагог-модератор – 3 мұғалім. Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагог, педагог – сарапшылардың үлесі – 63%.

5-9 сыныптарда 16 мұғалім сабақ береді. 7 мұғалімде педагог-сарапшы, 6 мұғалімде педагог-модератор санаттылығы бар. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі – 44%.

10-11 сыныптарда 11 мұғалім сабақ береді. 5 мұғалімде педагог-сарапшы, 3 мұғалімде педагог-модератор санаттылығы бар. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі – 45%

### 2023-2024 оқу жылының педагогтердің сандық құрамы

Білім беру бойынша педагогтердің сандық құрамы		
Білімі	Педагогтар саны	Жалпы саннан %
Жоғары	35	95 %
Арнайы орта	2	5,4%
Біліктілік санаты бойынша педагогтердің сандық құрамы		
Педагог-шебер	0	0%
Педагог-зерттеуші	0	0%
Педагог-сарапшы	17	46%
Педагог-модератор	12	32,4%
Педагог-педагог	8	22%

### Жетістіктер:

2023-2024 оқу жылы I жартыжылдықта республикалық «Балалар оқулары» байқауы аудандық кезеңінде Теңелгенқызы Нұрсауле III орын, 7-8 сынып оқушыларына арналған география пәнінен олимпиадада II орынды Хуандых Ақжол, Хызырбек Сырым иеленді. Хуандық Ақжол география пәнінен облыстық кезеңге жолдама алып, сертификатпен марапатталды. «Айқанат» олимпиадасының аудандық кезеңінде жүлделі болған 8-сынып оқушылары Нағашыбай Нұрберген, Ержанқызы Жансая, Елешұлы Нұрғиса, Дастанұлы Қалел, облыстық кезеңге жолдама алды. 9-11 сынып пән олимпиадасында биология пәнінен II орын 10-сынып оқушысы Франковская Полина, III орын 11-сынып оқушысы Нурулла Әмір, ағылшын тілі пәнінен III орын 9-сынып оқушысы Еламанова Дильназ, Қазақстан тарихы пәнінен II орын 9-сынып оқушысы Гавьяатұлы Ермұқан иеленіп, мадақтамамен марапатталды. Ауыл олимпиадасына 10-сынып оқушысы Сейтханұлы Ерсұлтан бірінші кезеңінен жақсы нәтижемен өтіп, облыстық кезеңде сертификатпен

марапатталды. «Мәшһүр Жүсіп» оқуларының аудандық кезеңінде 9-сынып оқушысы Еламанова Дильназ I орынды иеленіп, облысқа жолдама алып, сертификатпен марапатталды. Хуандық Елмира Қанипа Бітібаева атындағы республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, ерекше білім көрсеткені үшін мадақтамамен марапатталды. 5-6 сынып оқушылары арасында өтілген пән олимпиадасы бойынша орыс сыныптарында жүргізілетін қазақ тілі бойынша 3-орынды Мухаметгамет Айдар иеленді. «Жарқын болашақ» қазақ тілінен аудандық олимпиададан 8-сынып оқушылары Ахметжанова Аяулым 3-орын, Нағашыбайұлы Нұрберген 2-орын, 9-сынып оқушылары Тологен Сандуғаш 3-орын, Теңелген Нұрсауле 2-орын, 7-сынып оқушылары Хабал Айсулу 3-орын, Жеңісхан Перизат 3-орын, Гончарук Дарья 1 –орынды иеленіп, облысқа жолдама алды. 7-8 сынып оқушылары арасында өткізілген пәндер олимпиадасының аудандық кезеңінде орыс тілінен 7-сынып оқушысы орыс тілінен Саймқызы Әзиза 1-орын, биологиядан Жеңісхан Перизат 3-орын, тарих пәнінен Асылбекұлы Ибраһим 3-орын, ағылшын тілінен Мелешенко Артем 3-орын, 8-сынып оқушылары физикадан Нағашыбайұлы Нұрберген 2-орын, қазақ тілінен Елешұлы Нұрғиса 3-орын, математикадан Идрисова Ұлболсын 2-орынды иеленді.

**Тиісті бейін бойынша жоғары оқу орнын бітірген, педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәлімет:**

- 1. Даирова Калимаш Егинбаевна** - білімі жоғары. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік институті, 1987 жыл. Педөтілі - 35,05 жыл. Лауазымы мектеп басшысы, басшы ұйымдастырушы №516 от 31.07.23, ағылшын пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. №705/а 25.12.2019
- 2. Калиева Татьяна Васильевна** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2005 жыл. Педөтілі - 27,02. Лауазымы оқу ісінің меңгерушісі 3 санат №1017. от 31.12.20г, биология пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. №197/а 27.07.20
- 3. Есимова Таттигуль Кайратовна** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2009 жыл. Педөтілі - 14,06. Мектеп директорының ғылыми - әдістемелік жетекшесі, физика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. №705/а 25.12.2019
- 4. Мағзум Алданган** - білімі жоғары. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2004 жыл. Педөтілі - 24,02. Лауазымы тәрбие ісінің меңгерушісі, география пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. №705/а 25.12.2019
- 5. Құандық Сәндігүл** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2014 жыл. Педөтілі -13.02. Лауазымы тәрбие ісінің меңгерушісі, ағылшын пәнінің мұғалімі, санатсыз.
- 6. Ерболат Шагуан** - білімі жоғары. "Тұран-Астана" университеті, 2016 жыл. Педөтілі - 05,05. Лауазымы педагог - психолог, педагог - модератор. №46/а 01.06.2021
- 7. Рахимова Меруерт Ибрагимовна** - білімі жоғары. Қарағанды Мемлекеттік университеті, 1984 жыл. Педөтілі - 37,02. Лауазымы қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. №705/а 25.12.2019
- 8. Сағнаева Эльмира Дауреновна** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2011 жыл. Педөтілі - 13.09. Лауазымы қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы №705/а 25.12.2019
- 9. Окметхан Каршыга** - білімі жоғары. Қостанай гуманитарық институті, 2005 жыл. Педөтілі - 20,02. Лауазымы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы №705/а 25.12.2019
- 10. Шайзада Айсулу** - білімі жоғары. Монгол Орхон университеті, 2008 жыл. Педөтілі 08.02. Лауазымы ағылшын пәнінің мұғалімі, санатсыз.
- 11. Жумабаева Айжан Мукановна** - білімі жоғары. Еуразиялық университеті, 1997 жыл, Педөтілі - 25.01 . Лауазымы химия пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы №705/а 25.12.2019
- 12. Шанабаева Айгуль Кенесовна** - білімі жоғары. А, Байтурсынов атындағы Қостанай гуманитарық университеті, 2002 жыл. Педөтілі - 20,02. Лауазымы тарих және құқық пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы №705/а 25.12.2019

13. **Идрисова Кенжетай Тлеугабыловна** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2005 жыл. Педөтілі - 28.02. Лауазымы тарих және құқық пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы № 51ж/ц 13.06.2022
14. **Мухамеджанова Сауле Казизовна** - білімі жоғары. Арқалық гуманитарлық педагогикалық институті, 2007 жыл. Педөтілі - 30.03. Лауазымы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор №514 22.08. 2022
15. **Сагиева Нурлагаим Жумабаевна** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік институті, 1986 жыл. Педөтілі - 36,11жыл. Лауазымы, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. № 51ж/ц 13.06.2022
16. **Толехан Айгуль** - білімі жоғары. МНР институті, 1992 жыл. Педөтілі - 22.11 жыл. Лауазымы, математика пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. № 144-ж/қ 31.08.2023
17. **Хагай Лена** - білімі жоғары. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2012 жыл. Педөтілі 11жыл. Лауазымы, математика пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. №585 от 01.09.2023
18. **Мусина Жибек Аскарловна** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2019 жыл. Педөтілі - 06.01 жыл. Лауазымы, математика пәнінің мұғалімі, санатсыз.
19. **Ескараев Ерден Дауренович** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2021 жыл. Педөтілі - 02.02 жыл. Лауазымы, биология пәнінің мұғалімі, санатсыз.
20. **Сахимжанова Куралай** - арнаулы орта. Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледж 2008 жыл. Педөтілі - 05.03 жыл. Лауазымы, информатика пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. №585 от 01.09.2023
21. **Смусенко Елена Яковлевна** - білімі жоғары. Көкшетау университеті, 2008 жыл. Педөтілі - 26.02 жыл. Лауазымы, бастауыш сынып мұғалімі, педагог модератор. №48 21.12.2020
22. **Шугайв Кумисжан** - білімі жоғары. "Көкше" академиясы, 2014 жыл. Педөтілі - 25.02 жыл. Лауазымы, бастауыш сынып мұғалімі, педагог сарапшы.
23. **Джурманова Венера Палатбековна** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2021 жыл. Педөтілі - 05.02 жыл. Лауазымы, даярлық сынып мұғалімі, санатсыз.
24. **Бабай Аманжол** - білімі жоғары. Көкшетау университеті, 2014 жыл. Педөтілі - 20.02 жыл. Лауазымы бастауыш сынып мұғалімі, педагог сарапшы. №705/а 25.12.2019
25. **Хагай Балмира** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2015 жыл. Педөтілі - 12.02 жыл. Лауазымы бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы . №705/а 25.12.2019
26. **Мотекей Сайран** - білімі жоғары. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2014 жыл. Педөтілі -18,01 жыл. Лауазымы бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы . №705/а 25.12.2019
27. **Юрченко Валентина Андреевна** - білімі жоғары. Көкшетау университеті, 2010 жыл. Педөтілі - 32.01 жыл. Лауазымы, бастауыш сынып мұғалімі, педагог - модератор. №48 21.12.2020
28. **Гелисханова Наталья Султановна** - білімі жоғары. Көкшетау университеті, 2006 жыл. Педөтілі - 41.11 жыл. Лауазымы, бастауыш сынып мұғалімі, педагог - сарапшы. №197/а 27.07.2020
29. **Мухамеджанова Салтанат Казизовна** - білімі жоғары. Костанай педагогикалық институті, 2003 жыл. Педөтілі - 38.01. Лауазымы даярлық сынып мұғалімі, санатсыз.
30. **Оспанова Диана Манаповна** - білімі жоғары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2021 жыл. Педөтілі - 05.10 жыл. Лауазымы, бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор. №45 от 01.08.2019
31. **Абдил Жылхышы** - білімі жоғары. МНР институті, 2002 жыл. Педөтілі -16.10. Лауазымы, кәсіптік оқыту және еңбек пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. №48 21.12.2020

**32. Байбулатов Аян Маратович** - білімі жоғары. А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, 2022 жыл. Педөтілі - 09.02. Лауазымы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. №1008 25.12.2020

**33. Алтынпил Ерсолтан** - білімі жоғары. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2020 жыл. Педөтілі - 06.02 жыл. Лауазымы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. № 133 26.12.2019

**34. Елеш Саттигул** - арнаулы орта. Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары педагогикалық колледж 2019 жыл. Педөтілі - 04.01 жыл. Лауазымы, музыка пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. №517 31.07.2023

**35. Куанышев Даурен Каиржанович** - білімі жоғары. Академик Букетов атындағы Қарағанды университеті КЕАҚ, 2022 жыл. Педөтілі - 08.02 жыл. Лауазымы, АӘЖД пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. №517 31.07.2023

**36. Жуматова Акбота Бакирбековна** - білімі жоғары. А.Байтұрсынов атындағы өңірлік университеті 2022 жыл. Педөтілі - 01.04 жыл. Лауазымы, дефектолог, санатсыз.

**37. Серикбол Ыклас** - Ақан Сері атындағы орта арнайы мәдениет колледжі 2014ж. Педөтілі - 03.07 жыл. Лауазымы, хореограф, санатсыз

### **Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары туралы мәліметтер.**

Қараөзек ауылының жалпы орта мектебінде 2019-2023 оқу жылы аралығында барлық мұғалім біліктілік санатын арттыру курсынан өтті.

#### **2021 жылы**

- 1) Ерболат Шагуан - 11.06.2021ж, "AGZHAN" ҒББ орталығы, Нұр-сұлтан қаласы
- 2) Есимова Таттигуль Кайратовна - 18.06.2021ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ, оқу ісінің меңгерушісі
- 3) Идрисова Кенжетай Тлеугабыловна -12.03.2021ж, Көкшетау қ. ПШО филиалы

#### **2022 жылы**

- 1) Даирова Калимаш Егинбаевна - 22.04.2022 ж, Көкшетау қ. ПШО филиалы (мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент)
- 2) Калиева Татьяна Васильевна - 05.09.2022 ж, Көкшетау қ. ПШО филиалы (пән бойынша), 01.10.2022 ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ, оқу-ісінің меңгерушісі бойынша курс өтілді.
- 3) Куанышев Даурен Каиржанович - 09.12.2022 ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 4) Қуандақ Сандигуль - 19.08.2022 ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 5) Рашат Ботагоз - 25.07.2022 ж, Инновациялық Еуразия университеті Біліктілікті арттыру институты
- 6) Сагиева Нурлагаин Жумабаевна - 08.04.2022ж, ҚР Білім және ғылым институты Қазақстандық өңіраралық біліктілікті арттыру орталығы
- 7) Сагнаева Эльмира Дауреновна - 07.10.2022ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 8) Сахимжанова Куралай - 21.10.2022ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 9) Толеухан Айгуль - 07.10.2022 ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 10) Хагай Лена - 31.08.2022 ж, Көкшетау қ. ПШО филиалы
- 11) Шайзада Айсулу -19.08.2022ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 12) Шанабаева Айгуль Кенесовна - 04.11.2022ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ (жаһандық құзыреттер курсы)

#### **2023 жылы**

- 1) Абдил Жылхышы - 25.08.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 2) Алтынпил Ерсолтан - 06.04.2023ж, "Ұлттық дене шынықтыру ғылыми-практикалық орталығы" РМҚК
- 3) Бабай Аманжол - 30.04.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 4) Гелисханова Наталья Султановна - 05.07.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 5) Даирова Калимаш Егинбаевна -13.10.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ (пән бойынша)
- 6) Джурманова Венера Палатбековна -28.09.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ

- 7) Елеш Саттигуль -28.04.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 8) Есимова Таттигуль Кайратовна - 15.09.2023ж, Көкшетау қ. ПШО филиалы (пән бойынша)
- 9) Ескараев Ерден Дауренович - 09.06.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 10) Жумабаева Айжан Мукановна - 28.04.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 11) Мағзұм Алданған - 23.06.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ, 03.11.2023ж. «Адамның үйлесімді дамуы бойынша ұлттық институты» КЕАҚ (тәрбие ісі жөнінде).
- 12) Мотекей Сайран - 27.10.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 13) Мусина Жибек Аскаровна - 08.09.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ (математика), 25.08.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ (көркем еңбек)
- 14) Окметхан Харшыға - 26.05.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 15) Оспанова Диана Манаповна - 05.07.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 16) Рахимова Меруерт Ибрагимовна - 07.06.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 17) Смусенко Елена Яковлевна - 05.07.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 18) Жуматова Ақбота Бакытбековна – 22.12.2023ж. «Өрлеу Education» РОӘО
- 19) Хагай Балмира - 31.08.2023 ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 20) Байбулатов Аян Маратович – 03.11.2023ж. «Өрлеу Education» РОӘО
- 21) Шугайв Кумисжан - 05.10.2023 ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 22) Юрченко Валентина Андреевна - 05.02.2023ж, «Өрлеу» БАҰО АҚ
- 23) Шанаббаева Айгуль Кенесовна – 03.11.2023ж, «Өрлеу Education» РОӘО
- 24) Мухамеджанова Салтанат Казизовна – 17.02.2024ж. Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық біліктілікті арттыру орталығы.

Педагог кадрларымен жасақталуы туралы кесте (7 қосымша)

[http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/1/30/300124\\_091436\\_priloghenie-7-kadry.pdf](http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/1/30/300124_091436_priloghenie-7-kadry.pdf)

Педагогтардың білімін анықтайтын құжаттары, дипломдары.

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/diplomy>

Біліктілік арттыру курстары сертификаттары <http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/kursy-povysheniya-kvalifikacii>

Педагогтардың біліктілік санаттарын растайтын құжаттар <http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/udostoverenie-o-prisvoenii-kvalifikacionnoy-kategorii> сілтемеде.

Тарифтік тізім және штаттық кесте келесі сілтеме бойынша ұсынылды

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/tarifkaciya-20212022-uchebnyy-god>

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/tarifkaciya-20222023-uchebnyy-god>

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/tarifkaciya-20232024-uchebnyy-god>

**Қорытынды:** Мектеп педагогикалық кадрлармен жасақталған. Диплом бойынша біліктілік оқытылатын пәнге сәйкес келеді.

**Ұсыныстар:** Педагогтердің біліктілігін арттыру, педагог-зерттеушілердің санын көбейту.

## 10. Оқушылар контингенті

2023-2024 оқу жылы «Қараөзек ауылының ЖОББ мектебі» КММ

1-сыныпта барлығы 11 оқушы, оның ішінде 3 қыз бала, 8 ер бала

2-сыныпта барлығы 17 оқушы, оның ішінде 5 қыз, 12 ер бала.

3-сыныпта барлығы 13 оқушы, оның ішінде 9 қыз, 4 ер бала.

4-сыныпта барлығы 20 оқушы, оның ішінде 8 қыз, 12 ер бала.

5-сыныпта барлығы 17 оқушы, оның ішінде 3 қыз, 14 ер бала.

6-сыныпта барлығы 16 оқушы, оның ішінде 8 қыз, 8 ер бала.

7-сыныпта барлығы 15 оқушы, оның ішінде 9 қыз, 6 ер бала.

8-сыныпта барлығы 11 оқушы, оның ішінде 6 қыз, 5 ер бала.

9-сыныпта барлығы 19 оқушы, оның ішінде 10 қыз, 9 ер бала.

10-сыныпта барлығы 8 оқушы, оның ішінде 4 қыз, 4 ер бала.

11-сыныпта барлығы 4 оқушы, оның ішінде 1 қыз, 3 ер бала.

Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар саны:

1 «А» сыныпта 7 оқушы, оның ішінде 1 қыз, 6 ұл.

2 «А» сыныпта 12 оқушы, оның ішінде 3 қыз, 9 ұл.

3 «А» сыныпта 9 оқушы, оның ішінде 6 қыз, 3 ұл.

4 «А» сыныпта 15 оқушы, оның ішінде 5 қыз, 10 ұл.

5 «А» сыныпта 14 оқушы, оның ішінде 2 қыз, 12 ұл.

6 «А» сыныпта 11 оқушы, оның ішінде 5 қыз, 6 ұл.

7 «А» сыныпта 10 оқушы, оның ішінде 7 қыз, 3 ұл.

8 «А» сыныпта 11 оқушы, оның ішінде 6 қыз, 5 ұл.

9 «А» сыныпта 16 оқушы, оның ішінде 9 қыз, 7 ұл.

10 «А» сыныпта 5 оқушы, оның ішінде 2 қыз, 3 ұл.

11 «А» сыныпта 4 оқушы, оның ішінде 1 қыз, 3 ұл.

Орыс тілінде оқытылатын оқушылар саны:

1 «Б» сыныпта 4 оқушы, оның ішінде 2 қыз, 2 ұл.

2 «Б» сыныпта 5 оқушы, оның ішінде 2 қыз, 3 ұл.

3 «Б» сыныпта 4 оқушы, оның ішінде 3 қыз, 1 ұл.

4 «Б» сыныпта 5 оқушы, оның ішінде 3 қыз, 2 ұл.

5 «Б» сыныпта 3 оқушы, оның ішінде 1 қыз, 2 ұл.

6 «Б» сыныпта 5 оқушы, оның ішінде 3 қыз, 2 ұл.

7 «Б» сыныпта 5 оқушы, оның ішінде 2 қыз, 3 ұл.

8 «Б» сыныбы жоқ.

9 «Б» сыныпта 3 оқушы, оның ішінде 1 қыз, 2 ұл.

10 «Б» сыныпта 3 оқушы, оның ішінде 2 қыз, 1 ұл.

Барлығы бастауышта: 61 оқушы соның 25 қыз бала, 36 ер бала. 5-11 сыныптар бойынша 90 оқушы білім алды. Соның ішінде 41 қыз бала, 49 ер бала.

Оқушылар контингенті кесте

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/spiski-uchaschihsya-kgu-oosh-sela-karaozek>

## 11. Оқу-әдістемелік жұмыс

2023-2024 оқу жылына арналған мектеп жұмысының тақырыбы: «Мұғалімнің функционалдық сауаттылығы – оқушының табыстылығының кепілі». 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік тақырып: «Сапалы білім беру ортасын құру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту».

Жылдық жұмыс жоспарының құрылымы:

1.2022-2023 оқу жылындағы мектеп жұмысының сараптамасы.

2.Жаппай біліммен қамтамасыз ету жоспары.

3.Мектепті басқару жұмысын ұйымдастыру.

4.Мектепішілік бақылау.

5.Педагогикалық кадрлармен жұмыс.

6.Тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

7.Медбике жұмысының жоспары.

Мектептің жұмыс жоспарлары құрастырылып, мектеп директорымен бекітілген.

Мектептің жылдық жұмыс жоспарларын зерделеу барысында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жалпы орта білім берудің базалық құндылықтары, мақсаттары мен міндеттері көрсетілгені анықталды.

Мектептің 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қарастырылды.

**2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда 8 сынып комплект бар, оның ішінде қазақ тілінде оқытылатын 4 сынып және орыс тілінде оқытылатын 4 сынып комплектісі бар:**

1-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің Максималды көлемі қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 19,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 18,5 сағат, вариативтік компонент 1 сағат оқу жоспарында берілген. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 20,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 20,5 сағатты құрайды.

2-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 24 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 22 сағат, вариативтік компонент 2 сағатты құрайды. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 24 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 23 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

3-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 26 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 26 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 26 сағатты құрайды.

4-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 26 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 27 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 27 сағатты құрайды.

**5-9 сыныптар аралығында 9 сынып комплект бар, оның ішінде қазақ тілінде оқытылатын 5 сынып және орыс тілінде оқытылатын 4 сынып комплектісі бар:**

5-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде оқытылатын сыныптар үшін 30,5 сағатты құрайды, үлгілік оқу жоспарына сәйкес инвариативтік оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты, көркем еңбек пәнінен топқа бөліну 2 сағатты құрайды. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 31,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 29 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты, көркем еңбек пәнінен 2 сағатты құрайды.

6-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде оқытылатын сыныптар үшін 30,5 сағатты құрайды, үлгілік оқу жоспарына сәйкес инвариативтік оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты, көркем еңбек пәнінен топқа бөліну 2 сағатты құрайды. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 31,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 29 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты, көркем еңбек пәнінен 2 сағатты құрайды.

7-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 32,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты, көркем еңбек пәнінен топқа бөліну 1 сағатты құрайды. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 33,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты, көркем еңбек пәнінен 1 сағатты құрайды.

8-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 33,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты, көркем еңбек пәнінен топқа бөліну 1 сағатты құрайды.

9-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 35 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент 2 сағатты, көркем еңбек пәнінен топқа бөліну 1 сағатты құрайды. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 36 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 34 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты, көркем еңбек

пәнінен 1 сағатты құрайды.

**10-11 сыныптар аралығында 3 сынып комплект бар, оның ішінде қазақ тілінде оқытылатын 2 сынып және орыс тілінде оқытылатын 1 сынып комплектісі бар:**

10-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 34 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент 6 сағатты құрайды. Орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 34 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 29 сағат, вариативтік компонент 5 сағатты құрайды.

11-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 34 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент 6 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылдарына арналған сабақ кестесі қарастырылды. 2023-2024 оқу жылында 1-сынып (бастауыш сынып) оқушылары және 5-11 сыныптар бірінші ауысымда, 2,3,4 сынып (бастауыш сыныптар) екінші ауысымда оқытылады. Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің төрайымымен келісілген, мектеп директорымен бекітілген. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарларына сәйкес құрастырылған.

1-11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізінде әзірленген.

2023-2024 оқу жылында «Kundelik.kz» электронды журналды жүргізу мониторингі алынып, талдау жүргізілді.

2023-2024 жылғы мониторинг бойынша тақырыптың толтырылуы – 99,96%, журналдың жүргізілуі – 99,9% жыл бойында бағалар қойылған журналдар саны – 380 ішінде 380, үй тапсырмасының уақытылы толтырылуы – 97%, жоспарлауды жүргізу–99,9%.

Оқу пәндерінің негізгі мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру бағдарламаларына сай жүргізілген.

«Күнделік.kz» электронды журналдағы «Қосымша білім беру» бөліміндегі үйірмелерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары толтырылды.

<https://kundelik.kz/teachers>

## тәрбие жұмыстары және тәрбие бағытындағы атқарылған жұмыстар

### 2023-2024 оқу жылында «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында атқарылған іс- шаралар

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін, әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

#### Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылық пен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жетіата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасытатулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмететуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

#### Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету;  
Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;  
Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл  
Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді  
Елінің тарихын құрметтейді  
Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді  
Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;  
Адал еңбекті құрметтеу;  
Сөзіне берік, ісіне адал болу;  
Халқына адал қызмет ету  
Әдеп нормаларын ұстану;  
Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;  
Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;  
Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;  
Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;  
Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;  
Достарын, сыныптастарын сыйлайды;  
Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

Сыни және креативті ойлау;  
Жеке және командамен жұмыс істей білу;  
Білуге, жаңанытануға құштар болу;  
Физикалық белсенді болу;  
Салауатты өмір салтын ұстану;  
Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;  
Дұрыс қарым-қатынас орната білу;  
Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

Жан мен тән тазалығын сақтайды;  
Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;  
Қоршаған орта тазалығын сақтайды  
Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;  
Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

***Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі***

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

Баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;  
Баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;  
Баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.  
*Ұсынылады:*

бесік-жырлары, арнау-тілекөлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді

әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;  
балалар мен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;  
балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

### **6-10 жастағы бала тәрбиесі**

*Ұсынылады:*

Тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

Қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

Халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дерек көзі ретінде қолдану;

Бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

Ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

Әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

### **Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)**

*Ұсынылады:*

тәрбиешаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жас өспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректер мен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралар мен таныстыру; тарихи, деректі фильмдерді талдау;

білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

«Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

### **Жастар тәрбиесі (15-18 жас)**

*Ұсынылады:*

Жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмететуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік

танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарынан егізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

отбасық ұндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

Балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылыққа білеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

Тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

Тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

Тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдері мен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

Салауатты өмір салтына ынталандыру;

Сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

Білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу; ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар); білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

аптасына бір рет (сәрсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

### **Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмыс атқарылуда.**

Тәрбие қызметтерін көрсету сапасын талдауды жүзеге асыруда, білім беруді дамытуда көрінетін аналитикалық - болжамдық функция нәтижелілікті анықтау және болжау, сондай-ақ оларды одан әрі тәрбиелеу бағыттары бойынша ұстау құралдары жұмыс:

- оқыту үдерісіндегі тәрбиенің жай-күйі;

- сабақтан тыс уақытта жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қосымша кеңістік құру;

- тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

- педагогтерді аттестаттауды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

- жалпы білім беретін мекеменің тәрбие жүйесін қалыптастыру;

- әлеуметтік-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру;

- мектеп әкімшілігінің қарауына мектептің тәрбие жүйесін дамытудың басым бағыттарын таңдау;

- білім алушылардың тәрбие деңгейін мониторингілеу.

3. Көрсетілген ұйымдастырушылық-үйлестіру функциясы сынып жетекшілерінің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру:

- тәрбие процесін әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу;
- сынып жетекшілерінің шығармашылық топтарының жұмыс тақырыбын анықтау және бекіту;

- сынып жетекшілерінің тәрбие қызметін үйлестіру және олардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру;

3. Ұйымдастырушылық құруда көрінетін әдістемелік функция

- ҚМ мүшелерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру үшін педагогикалық жағдайлар:

- педагогтердің үздіксіз білім алуы үшін жағдай жасау;

- атаулы әдістемелік көмек көрсету (топтық және жеке консультациялар, тәлімгерлік, тағылымдамадан өту практикасы);

- тәрбие мәселелері бойынша әдістемелік көрмелер ұйымдастыру;

- жұмыстың басым бағыттары бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

- шығармашылық есептер, мастер-класстар, педагогикалық марафондар, педагогикалық оқулар, семинарлар дайындау;

- әдістемелік бірлестіктің жұмысын жоғары тұрған бірлестіктермен үйлестіру муниципалды әдістемелік қызметтер.

**Ата-аналармен атқарылған жұмыстың есебі:**

9-11 сынып ата-аналарымен «Балаңызбен сырласасыз ба?» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты: Мектеп, оқушы және ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Оқушының өз ойын ата-анасына еркін айтып, сыйластық және сырларын бөлісе білу үшін жақсы қарым-қатынаста болудың маңыздылығын түсіндіру.

Дөңгелек үстел алдымен ата-аналармен танысудан басталды.

Танысу «Мен және мендегі жақсы қасиет» мектеп психологі Ерболат Шағуан танысуды өзінен бастады. Барлық ата-ана өзін таныстыра отырып, бойларындағы жақсы қасиеттерін атап өтті.

«Бақытты ана, бақытты бала, бақытты ел» тақырыбында көпбалалы аналармен кездесу өткізді.

Мақсаты: баланың құқығын түсіндіру, отбасындағы бала мен ата-анасындағы қарым-қатынасты нығайту. Аналармен бала тәрбиесі жайында пікірлесу.

Кездесу барысында көпбалалы аналар бала тәрбиелеудегі өздерінің тәжірибелерін ортаға салып, болашақта өз-өзіне сенімді, ата-анасын құрметтей білетін, бауырмал ұрпақ тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ кездесу барысында ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылып, жауап алынды.

«Бала тәрбиесі мен өмір қауіпсіздігіндегі ата-ана жауапкершілігі» тақырыбында жалпы ата-ана жиналысы өткізілді.

Мақсаты: сыныптар бойынша I жартыжылдық қорытындысымен таныстыру. Қысқы демалыс күндеріндегі қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат беру.

Жиналысқа 1-11 сынып ата-аналарынан 68 ата-ана қатысты. Қысқы демалыс күндеріндегі қауіпсіздік ережелері туралы ақпараттармен танысты. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасынан әдеби, ертегі кітаптар оқу арқылы оқушылардың жылдам оқу дағдысын, әдеби кітаптарға деген қызығушылығын арттыру керек екендігін білді.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарлама аясында мектебімізде ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы мен жеке кабинет ашылды. Үш буынға негізделген жылдық жоспар негізінде сынып жетекшілер мен психолог, әлеуметтік педагог ата аналарға арналған тренингтер өткізді.

Даналық мектебінің «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Әке қамқорлығы», «Ана мейірімі» сияқты секциялары да қарқынды жұмыс жасауда. Әр сынып жетекшіде ата анамен қарым қатынас дәптері бар сонымен қоса әр тоқсан сайын сыныптың ата аналар жиналысы өткізіліп тұрады.

"Жас Ұлан"- Қазақстандықтардың болашағын қалыптастыруға және дамытуға арналған жүйе. Тәрбие процесінің басым жақтары:

1. Патриотизмге тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке, оған деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға тәрбиелеу. Халқын, оның тарихын, тілі мен дәстүрін, тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін жалғастыруға мүмкіндік береді;
2. Еңбексүйгіштікке, еңбекқорлыққа, еңбек нәтижелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
3. Адамгершілікке, жолдастыққа, және толеранттылыққа, үлкенге деген сыйластық және жалпыадамзаттық құндылықтарын тәрбиелеу;
4. Қарым-қатынас және мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. Ішімдік, есірткі, темекі және құқықбұзушылықтарға теріс көзқарасын қалыптастыру;
5. Жас Ұлан – оқушылардың өзін-өзі басқара отырып, бос уақытта танымдық, көркем-шығармашылық, спорттық-сауықтыру, қоғамдық пайдалы еңбек қызметін ұйымдастыру ұйымы.

Мектептегі балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізгі мақсаты: әртүрлі іс-шараларға ұйымдастыра отырып, мектеп оқушыларының әлеуметтік тәжірибелерін балалардың шығармашылық және көшбасшылық әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау.

#### Міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

#### «Жас Ұлан» келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік;
- танымдық;
- коммуникативтік;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- шығармашылық.

#### «Жас Ұлан» қызметінің қағидалары:

- азаматтық сана-сезім және жалпы адами құндылықтардың басымдылығы;
- еріктілік және қол жетімділік;
- ұрпақтар сабақтастығы мен «Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлерін сақтау;
- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектер мен балалардың бірлігі;
- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

#### «Жас Ұлан» мүшелерінің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сыйлау (Ту, Елтаңба, Әнұран), өз елінің патриоты болу;

- «Жас Ұлан» Ережесін және басқару органдарының шешімін орындау;
- «Жас Ұланның» өзге мүшелері мен олардың құқықтарын құрметтеу, мойындау;
- оқуда, қоғамдық жұмыстарда, еңбекте үлгілі болу; қоғамдық мүлікті сақтау, мәдениетті болу;
- салауатты өмір салтын ұстану, оны өз құрдастары арасында насихаттау;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.

### Рәміздері мен ерекше белгілері

«Жас Ұлан» балалар ұйымының рәміздері: ұран, әнұран, ту, галстук, төсбелгі, эмблема болып табылады.

Ту – бұл балалар мен жасөспірімдер бірлігін бейнелейді. Ол республикалық ұйымда және оның барлық бөлімшелерінде (мектептік, аудандық/қалалық, облыстық) болуы қажет.

Ту - тік төртбұрышты 200×100 см өлшемдегі ақ түсті ортасында ұйым белгісі бейнеленген кездеме. Ұйым белгісі және атауы кестелік тігіспен, бояумен немесе матамен аппликациялау арқылы жазады. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Кездеменің бойы алтын түстес шашақтармен жиектелген.

Ту ағаш сабына сүңгі арқылы бекітіледі. Сүңгі ұлттық өрнек нақышында жасалынады. Тудың ағаш сабының ұзындығы металл (пластмасса) сүңгінің ұзындығымен қоса 2 м 20 см биіктікті құрайды. Оған алтын түстес шашақты бау байланады.

Ту салтанатты рәсімдерде, шерулерде, мемлекеттік мерекелерде шығарылады. Ол арнайы ағаш тіреуде қаптаулы түрде сақталады немесе бөлменің отрасында Ұйымның салттық қабырғасында әйнекте тұрады. Ерекше жағдайларда туға мәртебелі қарауыл қойылады, ол ту ұстаушы мен екі атқосшыдан тұрады. Қарауыл кезегі әр 10-15 минут сайын ауысады. Алыс жолдарға туды қапталған күйде иыққа салып апарады. Ту ұстаушылардың киімі ұйымның ерекше белгілеріне сәйкес келеді. Міндетті түрдегі рәміздер: ленталар (аксельбанты), бас киім, ақ қолғап болып табылады. Лента мен бас киімнің түсі бірдей – көгілдір.

Галстук – бұл балалар ұйымының ерекше белгісі. Түсі – аспан түстес көгілдір. Галстук өлшемі 40×130 см. Галстуктың оң жақ бұрышында «Жас Ұлан» логотипі орналасқан. «Жас Ұлан» логотипінің диаметрі 4 см шеңбер түрінде жасалған.

Ұран – ұйымның ерекше белгісі. Ол ұйымның, бірлестіктің ең негізгі ойын, идеясын білдіреді.

«Жас Ұланның» ерекше белгілері болып ұйымның идеясын айқын жеткізетін төсбелгілер, барабан, айырмашылық белгілері (шеврондар) сияқты белгілі заттар мен белгілер саналады.

### Құрылымы

«Жас Ұлан» негізі «Жас Ұланның» бастауыш ұйымы болып табылады.

Бастауыш ұйым мектептің деңгейінде еріктілік негізінде құрылады.

«Жас Ұланның» бастауыш ұйымы «Жас Ұлан» мектеп комитеті болып табылады.

«Жас Ұлан» бастапқы ұйымдары (бұдан әрі – Мектеп комитеті) «Жас Ұлан» мектеп комитетінің жалпы жиналысының шешімімен құрылады. Мектеп Комитетінің жалпы жиналыс шешімі, егер оған барлық сыныптардың көшбасшылары, ұйым бағыттарының жетекшілері қатысқанда ғана қабылданды деп есептеледі.

«Жас Ұлан» көшбасшысы – барлық деңгейде «Ұлан басшысы» деп аталады, ол 9-10 сынып оқушылары арасынан жалпы жиналыста ашық дауыс беру жолымен бір оқу жылына сайланады.

Атқарушы орган – Мектеп комитетін атқарушы хатшы басқарады, оны (педагог, тәлімгер, ұйымдастырушы - әдіскер мектеп ұстаздары қатарынан) Мектеп комитетінің жалпы жиналысында «Жас Ұлан» аудандық кеңесі және мектеп әкімшілігінің келісуі бойынша бекітеді.

*Аудандық/Қалалық атқарушы хатшыны* аудандық/қалалық Кеңестің шешімімен Аудандық/қалалық білім басқармасы және Облыстық Кеңестің келісімі бойынша бекітеді.

*Облыстық атқарушы хатшыны* облыстық Кеңестің шешімімен облыстық білім басқармасы және Республикалық Кеңестің келісімі бойынша бекітеді.

*Аудандық/Қалалық Кеңес құрамына* Мектеп комитеттерінің атқарушы хатшылары және «Ұлан Басшылары» кіреді.

*Облыстық Кеңес құрамына* Аудандық/Қалалық Кеңестердің атқарушы хатшылары және «Ұлан Басшылары» кіреді.

«Жас Ұлан» ұйымының құрамында:

**2021-2022 оқу жылында** 147 оқушы болды. Соның ішінде «Жас Қыранда» – 80 оқушы, «Жас Ұланда» - 67 оқушы болды.

**2022–2023 оқу жылында** 161 оқушы болды. Соның ішінде «Жас Қыранда» – 72 оқушы, «Жас Ұланда» - 89 оқушы болды.

**2023–2024 оқу жылында** 151 оқушы бар. Соның ішінде «Жас Қыранда» – 61 оқушы, «Жас Ұланда» - 90 оқушы бар.

Мектебімізде «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау салтанатты жиыны жылына 1 рет өткізіледі, «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау салтанатты жиыны 25 қазанда өтті. Жиын барысында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізгі мақсаттары мен міндеттері, оларды жүзеге асыру әрбір өз елінің азаматы парыз деп есептеп, өнегелі қасиеттерді дәріптеу болса, Жас Ұлан ұйымының мүшесі – Отанына адал, еңбекқор, Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші екенін айтып, Жас Ұлан ұйымының Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук және төсбелгілері туралы насихаттап «Жас Ұлан» ұйымына 17 оқушы қабылданды. «Жас Ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстук және төс белгілерін табыстау рәсімі мектеп әкімшілігі мен ұстаздарға табысталды.

### **2023-2024 оқу жылы**

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында айының соңында қарттарға арналған мерекелік концерт өткізілді. Мерекелік концертті «Бала дауысы» ән байқауы аясында болды. Байқауға даярлық сыныбынан бастап сегізінші сыныпқа дейін оқушылар қатысты. Барлығы 17 оқушы өнер көрсетті. Қарттарға арналған мереке жоғарғы деңгейде өтті. Мектепшілік іс шаралардан бөлек аудандық облыстық байқауларға қатысқан оқушылар болды. Қазақша күрестен Республикалық турнирге Сейтхан Ерсұлтан жүлделі I орынға ие болып Зерендіде өткен турнирге турнирге қатысып «Кандидат мастер спорт» атағына ие болды. Ұлттық мектеп лигасы бағдарламасы 9-11 сынып оқушылары арасында аудандық тоғызқұмалақ жарысында мектеп оқушылар жүлделі I орынға ие болды. Мектеп мұғалімдерінің құрама командасы аудандық волейбол жарысына қатысып, I орынға ие болды. Республика күні қарсаңында аудандық жоспар негізінде мектепшілік іс шара жоспары құрылып өткізілді. Сынып сағаттары, сыныптан тыс іс шаралар мен оқушыларға арналған акциялар, челленджлер ұйымдастырылды. Республика күніне арналған «Менің жерім мақтанышым» атты қалалық ақындар айтысында Елеш Нұрғиса жүлделі I орынға ие болды. Өткізілген іс шаралар мектептің сайытында, әлеуметтік желісінде жарияланып отырды. Тілдерді дамыту орталығының басшысы Жайнарбек Заңдыбайұлымен кездескен

мектеп оқушылары , жақсы рухани сұхбаттың күәсі болды.. Кездесу соңында Ақмола облысындағы танымал ақындар мен олардың туындылары жазылған “ Құтты мекен-Бұланды” атты кітабын сыйға тартылды. Шучинск қаласында өткен облыстық тоғызқұмалақ жарысына Мектептің құрама командасы барып, мадақтамамен оралды. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрілігінің қолдауымен республикалық «Спорт жұлыздары» журналы қараша айынданда «Пневматикалық винтовкадан ату мен автоматты бөлшектеп жинаудан» алғашқы әскери жені технологиялық пән мұғалімдері арасында өткен республикалық турнирге қатысқан Қуанышев Д.К жүлделі ІІІ орынмен оралды. Әр жұма сайын кезекші сынып тағайындалды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушылары арасында қызықты челленджер ұйымдастырылды.Тоғыз айға, тоғыз іс шара жобасы аясында мектепшілік оқушылар арасында бес асық, асық ату ойындары жиі ұымдастырылады. Мектеп оқушыларының құрама командасы құрылып КТА ойыны өткізілді жүлделі І,ІІ,ІІІ орын иеленді.Сонымен қоса, ата аналарды педагогикалық қолдау орталығында бекітілген жоспар негізінде ата аналар отырысы өтті. Облыстық «Мен экоблогермін» қашықтықтан ұйымдастырылған байқауға қатысқан Еркебұланқызы Алуа жүлделі ІІ орын иеленді, жетекшісі Ескараев Е.Д. «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы 9-11 сынып оқушыларының қыздар арасында өткен баскетболдан аудандық жарыста 1 орын иеленді.

**Үйірме, секциялар, сабақтан тыс әрекеттер бойынша** оқушылардың жетістігін дәлелдейтін құжаттар, грамоталар берілді. Сабақтан тыс іс-шараның 2023-2024 оқу жылының кестесімен жоспарлары жасалып, мектеп директорымен бекітілді.

Білім беру ұйымында ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар білім алушылар жоқ.

2023-2024 оқу жылына арналған үлгілік оқу жоспарлары мен оқу жұмыс жоспарлары зерделенді.

**2023-2024 оқу жылында** вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту **қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында** вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

1-сыныпта – 1 сағат, «Математика шыңы» үйірмесі 1 сағат;

2-сыныпта – 2 сағат, «Математика өмірде» үйірмесі 1 сағат, «Жұмбақтар сандығы» үйірмесі 1 сағат;

3-сыныпта – 1 сағат, «Математика және логика» үйірмесі 1 сағат;

4-сыныпта – 1 сағат, «Шахмат» үйірмесі 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, сондай-ақ шахмат ойнау сабағына бөлу ұсынылды.

5-8 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын 0,5 сағаттан бөлінсе, 9-сыныпта «Жаһандық құзыреттер» курсына 1 сағаттан берілді.

**Қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыт** бойынша вариативтік компоненттен 10-11 сыныптарда 2 сағат «Жаһандық құзыреттер» курсына және дене шынықтыру, спорттық ойындарға 1 сағаттан берілді. Инварианттық таңдау пәндерінен 10-сыныпқа - 3 сағат, қазақ әдебиеті - 1 сағат, биология – 1 сағат, дене шынықтыру – 1 сағат , 11-сыныпқа – 3 сағат, қазақ тілі – 1 сағат, Қазақстан тарихы – 1 сағат, химия – 1 сағат берілді. Элективті курсқа 2 сағат, 10-сыныпқа 1 сағат «Әлемдік география», 11-сыныпқа 1 сағат «Биология әлемі» элективті курсына берілді.

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту **орыс тілінде жүргізілетін сыныптарында** вариативтік компонентке сағат берілмеген.

5-8 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын 0,5 сағаттан бөлінсе, 9-сыныпта «Жаһандық құзыреттер» курсына 1 сағаттан берілді.

**Орыс тілінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыт** бойынша вариативтік компоненттен 10 сыныпта «Жаһандық құзіреттер» курсына және дене шынықтыру, спорттық ойындарға 1 сағаттан берілді. Инварианттық таңдау пәндерінен 3 сағат , қазақ тілі – 1 сағат, химия – 1сағат, дене шынықтыру - 1 сағат берілді.

2023-2024 оқу жылында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталғаны анықталды. Қазақ тілінде оқытылатын сыныптар үшін:

Бастауыш сыныптар: 1 сынып – 19,5 сағат, 2 сынып – 24 сағат, 3 сынып – 26 сағат, 4 сынып – 26 сағат.

5-11 сыныптар: 5 сынып – 30,5 сағат, 6 сынып – 30,5 сағат, 7 сынып – 32,5 сағат, 8 сынып – 33,5 сағат, 9 сынып – 35 сағат, 10 сынып - 34 сағат, 11 сынып -34 сағатты құрады.

**Орыс тілінде** оқытылатын сыныптар үшін:

Бастауыш сыныптар: 1 сынып – 20,5 сағат, 2 сынып – 24 сағат, 3 сынып – 26 сағат, 4 сынып – 27 сағат

5-11 сыныптар: 5 сынып – 31,5 сағат, 6 сынып – 31,5 сағат, 7 сынып – 33,5 сағат, 9 сынып - 36 сағат, 10 сынып - 34 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылында сабақтың оқытылу ұзақтығы – 45 минут.

Сынып журналдары «Kundelik.kz» журналында 100% толтырылған. Инвариантты, вариативтік компонент оқу жүктемесінің сабақ кестесі ата-аналар кеңесінің төрайымымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, оның ішінде «Дүниетану», «Дене шынықтыру» оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары зерделеніп, талдау жасалды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын зерделеу барысында бұл курсты міндетті меңгеру қамтамасыз етілгені анықталды. Бастауыш сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныптарда 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімі іске асырады. 10-11 сыныптарда 12 сағаттан алғашқы әскери дайындық мұғалімі іске асырады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Дүниетану», «Дене шынықтыру» пәндері аясында оқытылатыны «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы анықталды.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарлары, сынып журналдары зерделеніп, талдау жасалды.

«Жолда жүру ережелері» міндетті курсын іске асыруда «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан жүргізледі. Осы курсты 1-8 сынып жетекшілері сынып сағаттарында жүзеге асырады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны сынып сағаттары есебінен оқытылатыны «Kundelik.kz» электронды журналда көрсетілген.

Мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, инвариантты және вариативтік компоненттер бойынша сабақ кестелері, сынып журналдары зерделеніп, талдау жасалды.

Оқу жұмыс жоспарларында, сабақ кестелерінде, «Kundelik.kz» электронды журналында сыныптар бойынша инвариантты және вариативтік компонентінде апталық, жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында берілген оқу жүктемесінде сәйкес сақталған.

### 2023-2024 оқу жылы

Қазақ тілінде оқытылатын сыныптар үшін:

Сынып	И нварианттықком	В ариативтікком	А пталықсағат	Жы лдықсағатса
1	18,5	1	19,5	643,5

2	22	2	24	816
3	25	1	26	884
4	25	1	26	884
5	28	0,5	28,5	969
6	28	0,5	28,5	969
7	31	0,5	31,5	1071
8	32	0,5	32,5	1105
9	33	1	34	1156
10	28	6	34	1156
11	28	6	34	1156

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптар бойынша 1 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 19,5 сағатты (оның ішінде 18,5 сағат инварианттық компонент), 2 сыныпта – 24 сағатты (оның ішінде 22 сағат инварианттық компонент), 3 сыныпта 26 сағатты (оның ішінде 25 сағат инварианттық компонент), 4 сыныпта 26 сағатты (оның ішінде 25 сағат инварианттық компонент) құрайды.

5-9 сыныптар бойынша 5-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты (оның ішінде 28 сағат инварианттық компонент), 6-сыныпта – 28,5 сағатты (оның ішінде 28 сағат инварианттық компонент), 7-сыныпта 31,5 сағатты (оның ішінде 31 сағат инварианттық компонент), 8-сыныпта 32,5 сағатты (оның ішінде 32 сағат инварианттық компонент), 9сыныпта 34 сағатты (оның ішінде 33 сағат инварианттық компонент) 10 сыныпта 34 сағатты (оның ішінде 28 сағат инварианттық компонент) 11 сыныпта 34 сағатты (оның ішінде 28 сағат инварианттық компонент) құрайды.

Орыс тілінде оқытылатын сыныптар үшін:

Сынып	И нварианттықком	В ариативтікком	А пталықсағат	Жы лдықсағатса
1	20,5	-	20,5	676,5
2	23	1	24	816
3	26	-	26	884
4	27	-	27	918
5	29	0,5	29,5	1003
6	29	0,5	29,5	1003
7	32	0,5	32,5	1105
9	34	1	35	1190
10	29	5	34	1156

2023 - 2024 оқу жылында бастауыш сыныптар бойынша 1 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 20,5 сағатты (оның ішінде 20,5 сағат инварианттық компонент), 2 сыныпта – 24 сағатты (оның ішінде 23 сағат инварианттық компонент), 3 сыныпта 26 сағатты (оның ішінде 26 сағат инварианттық компонент), 4 сыныпта 27 сағатты (оның ішінде 27 сағат инварианттық компонент) құрайды.

5-9 сыныптар бойынша 5-сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу

жүктемесінің максималды көлемі 29,5 сағатты (оның ішінде 29 сағат инварианттық компонент), 6-сыныпта – 29,5 сағатты (оның ішінде 29 сағат инварианттық компонент), 7-сыныпта 32,5 сағатты (оның ішінде 32 сағат инварианттық компонент), 9-сыныпта 35 сағатты (оның ішінде 34 сағат инварианттық компонент) 9 сыныпта 35 сағатты (оның ішінде 34 сағат инварианттық компонент) 10 сыныпта 34 сағатты (оның ішінде 29 сағат инварианттық компонент) құрайды.

Мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері, сынып журналдары, педагогикалық кеңес хаттамаларының көшірмелері зерделеніп, талдау жасалды.

2023-2024 оқу жылында оқушылардың саны аз болуына байланысты 1-4, 5-11 сыныптар ағылшын тілі, қазақ сыныптарындағы орыс тілі мен әдебиеті, информатика, дене шынықтыру пәндері бойынша топтарға бөлінген жоқ.

2023-2024 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде 5-9 сыныптарда көркем еңбек сабақтарында оқушылар екі топқа (қыздар, ұлдар) бөлініп оқытылады.

Сынып журналдары, білім алушылардың қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері бар.

2023-2024 оқу жылдарында 9 және 11-сыныптардың мемлекеттік емтихан тапсырғандығы туралы хаттамалары мен электронды журналдарда емтихан бағасы мен қорытынды бағасы қойылған. Білім беру мазмұнының аралық, ағымдық бақылау жұмыстарының нәтижелерінің талдауы орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар нысанына Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 2 қосымшасы және 2021 жылдың 16 қыркүйегіндегі №472 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес берілген.

## 12. Оқу-материалдық активтер

Типтік жоба. Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Қараөзек ауылы, «Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 1976 жылы үш қабатты мектеп ошағы салынды. Мекен-жайы: Ш. Уалиханов көшесі, 27 үй. Мектептің жалпы ауданы - 2658,4м<sup>2</sup>, ал пайдаланып жатқан аудан -1793,4 м<sup>2</sup>. Мектеп жанында қазандық орналасқан. Қазандықтың ішінде 2 пеш бар, жұмысшыларға арналған бөлме, бар. Қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп қоршалған, жанында ағаштар мен бұталар отырғызылған және «Балбұлақ» шағын орталығының балаларына арналған ойын алаңы да бар. Сонымен қатар, мектептің жанында футбол, волейбол және баскетбол алаңы бар.

Мектебіміздің бірінші қабатында 60 орындық асхана бөлмесі бар. Асханада: ас пісіретін, азық-түлік сақтайтын, дәретхана, ыдыс жуатын орын және ас ішетін орын бар. Жиһаздар мен ыдыс-аяқтар толық қамтылған. Ыстық сумен қамтамасыз етілген. Балаларды таза сумен қамтамасыз етілген. Жаппай біліммен қамтамасыз ететін балалар саны 34 оқушылары және 1- сыныптың 11 оқушысы тегін тамақтанады. Ал қалған 2-4 сыныптың барлық оқушылары тегін тамақтанады.

Шеберхананың ауданы – 66 кв.м., Шеберханада әртүрлі ағаштан бұйымдар жасайтын станоктар бар. Шкафтар, үстелдер, орындықтар көрме бұрыштары бар. Оқушылардың өз қолдарымен жасаған ұлттық құндылықтарымызды асқақтататын түрлі көрме бұйымдары орналастырылған.

Спортзалдың ауданы - 159,6м<sup>2</sup>. Спортзалда денешынықтыру сабағына қажетті құрал-жабдықтардың барлығы бар: шаңғылар, волейбол, баскетбол, футбол ойынның құралдары, спорттық төсеніштер, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, секірткіштер, доптар, теннис үстелі.

Бастауыш сыныптар: ауданы - 34 кв.м. Сыныптарда керекті жабдықтармен қамтылған: керекті жиһаздар, парталар, тақталар мен интербелсенді тақталар, компьютерлер. Көрнекілік, заманауи стендтер де бар.

1-қабатта 40 балаға арналған «Балбөбек» шағын орталығы орналасқан. Шағын-орталық заман табалына сай қамтылған: қабылдап алу бөлмесі, жатын бөлме, ойын бөлмесі, дәретхана, қол жуатын жері бөлек, тамақтанатын бөлме және дәліз бар. Дәлізде арнайы балалардың жеке шкафтары бар. Көрнекіліктер мен ойыншықтар жеткілікті. Екі қабатты төсектермен қамтылған. Шағын орталықтағы балалар әртүрлі жастағы екі топқа бөлінген.

Гардеробтағы киім ілгіштер әртүрлі жастағы бала санына жеткілікті. 1-қабатта басшының кабинеті орналасқан.

Екінші қабатта орналасқан медбике кабинеті бар. Кабинет санитарлық талаптарға сай: керекті құрал-жабдықтармен қамтылған. Бірінші жедел жәрдем көмек көрсетуге дәрі-дәрмектер бар.

Химия және биология, қазақ тілі және орыс тілі, ағылшын тілі, физика, информатика, математика және робототехника, стем, география, алғашқы әскери-техникалық кабинеттері бар. Кабинеттер толық қажетті жиһаздармен қамтамасыз етілген. Кабинеттерде көрнекілік құралдар мен заманауи стендтер бар. Орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті, алғашқы әскери техникалық дайындық кабинеті және бастауыш сынып кабинетінде интербелсенді тақта орналасқан.

Информатика кабинетінде мультимедиялық жабдық және 3D принтер, панель экран, компьютерлер мен ноутбуктар, робототехникаға арналған түрлі құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген. Барлық кабинеттер компьютермен жабдықталған.

Мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында ашылған «Даналық мектебі», сондай-ақ «Адал ұрпақ», «Абай клубы», «Мектеп лигасы», «Оқуға құштар мектеп» және дебат клубы, үйірмелер мен секциялар белсенді жұмыстар атқарады. Мемлекеттік қызмет көрсету орны жабдықталған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған барлық құрылғылармен жабдықталған. Психология кабинетінің ауданы – 10 кв.м., Керекті құрал – жабдықтармен толық қамтылған. Компьютер орналасқан және принтер-1. Салтанат залы – 123м<sup>2</sup>. Сахна төрі бар.

Мектебімізге жыл сайын қажетті материалдармен қамтамасыз етеді. Мектептің іші заманауи талапқа сай мектеп жабдықтармен қамтамасыз етілген. Биыл мектебіміз капитальный ремонттың бірінші кезеңінен өтіп, екінші кезеңі жалғасады.

Мектептің оқу кабинеттері, шағын орталық бөлмелері, дәліз заманауи стендтермен, оқу-тәрбие жұмыстарына қажетті құралдармен толық жабдықталған. Барлық кабинеттер, дәліз түрлі бөлме гүлдерімен көмкерілген.

Әділет органдарымен жүйелік бөлімше. Бақылау-1 көмегімен құрастырылған компьютер. Дабыл түймешігі.

Мектепте барлығы 31 дана бейне бақылау камералары орналасқан: Ішкі-18. Сыртқы-12, домені бар. Жалпы дәретхана унитаз саны - 13. Оның 9 бірінші қабатта, 4 екінші қабатта, раковина – 19 штук.

Осы бөлім бойынша құжаттар келесі сілтемеде берілген.

9-қосымша.

[http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/1/30/300124\\_092250\\_materialy-no-teh-baza.pdf](http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/1/30/300124_092250_materialy-no-teh-baza.pdf)

<https://www.youtube.com/watch?v=lwCbB4VJHKw&t=4s>

### **13. Кітапхана қоры және ақпараттық ресурстар**

Кітапхана ауданы 66,1 м<sup>2</sup>. Кітаптар саны - 6001. Оқулықтар саны – 3364. Көркем және ғылыми әдебиеттер саны - 2637 кітап, Оқулықтармен оқушылар толық қамтылған. Арнайы кітап сөрелері, үстел, көрнекіліктер мен стендтермен жабдықталған. 2023-2024 оқу жылында барлық оқушылар оқулықтармен 100 пайыз қамтылған.

12-қосымша

[http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/2/16/160224\\_160651\\_priloghenie-12.pdf](http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/2/16/160224_160651_priloghenie-12.pdf)

### **14. Оқушылардың білімін бағалау**

Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін және дағдыларын бағалау ведомостары, өлшем шарттардың 13-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қарастырылды. Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын белгілі бір білім беру деңгейі контингентінің жалпы тізімдік құрамынан білім алушылардың 92%-ы кешенді тестілеуге қатысқанын көрсетті.

Кешенді тестілеуге 4-сынып бойынша 18 оқушы қатысты. 4-сынып бойынша оң бағалар 67% құрады, 9-сынып бойынша 18 оқушы қатысып, оң бағалар 94% құрады.

13-қосымша

<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/priloghenie-13-rezulytaty-testirovaniya-vypusknyh-klassov>

Емтихан хаттамалары <http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/7-ocenka-znaniy-obuchayuschihnya>

**15. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы (4,9- сынып оқушылары, ата-аналары және педагогтары)**  
<http://sc0011.bulandy.aqmoedu.kz/content/7833-19-02-24-11-10-35-anketirovanie>

**Шешімі:** мектеп жұмысының жылдық жұмысы 2023-2024 оқу жылына «қанағаттанарлық» деп есептелсін.